

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИНДЕГІ ТҮРКІ ӘЛЕМІ

ГҮЛШАТ МАСАЛИМҚЫЗЫ АБИКОВА*

ТҮЙИНДЕМЕ: Бас шығарушылары А.Байтұрсынов пен М.Дулатов болған және Алаш көсемі Ә.Бекейхан белсene араласкан «Қазак» газеті мәдени-әдеби, тарихи және тілдік мұра Орынбор қаласында 1913-1918 жылдары тоқтаусыз шығып тұрған. «XX ғасыр басындағы ұлттық энциклопедия» деген атауға ие болған жәдігердің академиялық басылымын жасау – кезек күттірмес шара. Келер ұрпакқа мәнгілікке қалдырар басты мұрамыздың бірі ретінде оның факсимильдік және электрондық нұсқасын жасау – «Қазақстан» библиографиялық қорына қосылған зор үлес болса, ал оны толыктай қазіргі жазу үлгісіне көшіру, яғни араб қаріпті ескерткіш мұраны көпшілікке кол жетімді ету – қазақ қоғамдық және гуманитарлық ғылымын жана бір саты, деңгейге көтеруге жәрдемдесер еді.

ABSTRACT: Priceless cultural-literary, historical and linguistic heritage of that time was the newspaper «Kazak» being continuously published in Orenburgh in 1913-1918. Absolutely essential is the academic publication of the newspaper «Kazak» which was «The national encyclopedia of the beginning of XX century» in its time. The formation of fax and electron collection as a heritage left to the young generation to make contribution for the bibliographic fund “Kazakhstanika”, and the complete transfer of it into cyrillics will open an access to all interested persons to study the heritage initially preserved on the Arabic graphics, and will be the step to raising on the new level the social humanitarian science.

«Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы - республикамызыдағы кітапханалар ішінде тәнкеріске дейінгі кітаптар мен сирек қолжазбалар қоры толық сакталған ғылыми мекеме. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында шыққан асыл мұраларымыздың ішінде қазақ баспасөзінің бастауы болған газеттер мен журналдар жинақталған.

Осы сирек қордың құнды жәдігері, XX ғасырдың бас кезінде, яғни 1913-1918 жылдар аралығанда шығып тұрған «Қазак» газеті халқымыздың қоғамдық-саяси және әдеби өмірінде елеулі рөл аткарды. Өз кезеңінде басылым халқымыздың бүкіл тіршілік-болмысын, экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайын, әдебиеті мен мәдениетін, өнері мен білімін жетілдіруді жан-жақты жазумен бірге, осы бағытта үлкен түсіндірушілік, насхат жұмыстарын жүргізді, қоғамызды ілгері байытуға зор үлес қосты басылым 1913 жылы 2 актаппанин бастап Орынбор[1, 76.] қаласында шығарыла бастады.

Басылымның бірінші редакторы, түркітанушы, публицист, аудармашы, қоғам қайраткері, Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, Алаш-Орда әкіметінің мүшесі – Ахмет Байтұрсынұлы. Екінші редакторы қазактың көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы – Міржакып Дулатұлы. Газетті шығарушылар, қазактың алып азаматтары, олар ағартушы ғалым, әдебиет зерттеуші, аудармашы, оку құралдары мен әдеби шығармалардың авторы, қазактың тұнғыш журналы «Айқап» пен «Қазак» газетіне макалалары жи ғылым тұрғакты авторлары. Бастыруши - 1913 жылы А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлының ұйымдастыруымен құрылған, қайырымдылық шараларын ұйымдастырумен айналысқан мәдени ұйым «Азамат» серіктігі. Серіктестіктің басты максаты “Қазак” газетінің үзіліссіз шығып тұруына жәрдемдесу. Сондай-ақ, қазақ қоғамындағы оку-ағарту жұмыстарын өрістетіп, зәру оку құралдары мен әдебиеттерді баспадан шыгару, мектеп-медреселердегі мұқтаж шәкірттерге каржылай көмек беру т.б. қайырымдылық шараларын ұйымдастыру ісімен айналысты[2, 2146.]

Казан тәңкерісіне дейінгі қазақ баспасөзі тарихының бас зерттеушісі Ушқілтай Сұбханбердинә «Қазак» газетінің редакторлары жөнінде Санкт-Петербург қаласындағы Орталық мемлекеттік тарих мұрағатында төмендегідей дерек сакталғандығы туралы өз енбектерінде көрсеткен, онда былай делінген: «Газеттің екінші редакторы қызметіне Міржакып Дулатовты тағайындау туралы 1914 жылы 19 мамырдағы Жоғарғы баспасөз басқармасының Орынбор губернаторына берген бұйрығында «Орынборда Ахмет Байтұрсыновтың редакторлығымен шығып тұрған «Қазак» газетінің екінші

* ГҮЛШАТ МАСАЛИМҚЫЗЫ АБИКОВА: «Ғылым Ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы, Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиеттер белгінің менгерушісі Алматы, Қазақстан Республикасы akikam@mail.ru

жауапты редакторы кызметін атқаруга Торғай облысы Сарықопа болысы №1 ауылдың қазағы Мир-Якуб Дулатович Дулатовка рұқсат беріледі[1, 76.].

Хұсайынов-Каримов баспаханасында басылып тұрған. Тиражы 3000-8000. 1915 жылдан бастап алтасына 2 реттен шыға бастаған. Барлығы 265 нөмірі жарық көрді. Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы Жанұзак Жәнібеков.

Жәнібеков Ж. Алаш қозғалысының қайраткери, жазушы, аудармаши. «Бостандық туы» газетінің редакциялық алқасында және «Кедей» газетінің редакторы болған. Қаламгердің үлкен бір енбегі - Алаш жолында құрбан болған Қазы Нұрмұхамедұлының тарихтағы орнын бағалауы және оның қазасына байланысты қазак тұлғаларының көніл-күйін хаттал қалуы еді. Репрессия басталғанда кызметінен алғынып, 1937 жылы 28 шілдеде ұсталып, 13 қыркүйекте атылады [2, 90б.].

Газеттің атауының «Қазак» деп аталуына келетін болсақ, 1913 жылғы үшінші санында «Қазак тарихы» айдарымен жарияланған Түрік баласының мақаласында былай деп жаздылған: «...Біздің қазақ өзінің атынан айрылып, қыргыз атанып жүрмекші емес. Қияметке шейін қазак қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы әлем жарығына қазак көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай, және өзіміздің шарқ әдетіне ынғайлы қылышпап «Қазак мәдениеті» (Казакская культура) құрып, бір жағынан «Қазак әдебиеті» (Казакская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы» [3, б.].

Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бекейхан, Райымжан Мәрсекұлы бастаған алдыңғы қатарлы қазақ бетке ұстар зияльшары қазақ еліне газет ашу ісімен 1905 жылдан бастап айналыса бастаған. Баспасөз тарихын зерттеуші ғалымдардың айтуынша журналдың басылып шыға бастауына 1905 жылы патша үкіметінің баспасөз еркіндігі жайлар шыққан манифесті арқау болған екен. Сол жылдан бастап қазақтың мерзімді баспасөздері шыға бастаған. Алдымен олар «18 ақпан жарлығы» шығысымен өздерінің саяси талаптарын әйгілі «Қарқаралы петициясына» тізіп жазып, осы жарлыққа қол қойған орыс патшасының атына поштамен жөнелтеді. Петицияның 3-тaraуында: «Қазак халқының қазіргі мұқтажын айқындау үшін қазақ тілінде газеттер басып шығару қажет, ол үшін бастапқы цензурасыз баспахана ашуға және газет басуға рұқсат сұрау емес, құлактандыру тәртібін орнату керек болады» деп жазылған еді. Сол жылғы желтоқсан айының басында ақпарат көзі ретінде Санкт-Петербургтің «Новая жизнь» газетін сілтеп көрсеткен семейлік «Семипалатинский листокъ» «17 казан манифесі мен одан кейінгі тұста Ә.Бекейхановтың қазақ тілінде газет басып шығару үшін қырға кеткенін» хабарлады. Ал караша айында Бекейхан Ресейдің «жергілікті (земский) және қалалық қайраткерлерінің» Мәскеудегі съезінде қазақтың сөз бостандығына зәру екенін айттып сөз сейледі. Ол: «Ана тілін еркін қолдану қазақтардың таяу арадағы мұқтажы, сөз бостандығы әсіреле салдағы сайлау науқанына қажет» деп мәлімдеді.[4, 1 б.].

Патша үкіметі газетті алтасына бір реттен, қазақ тілінде үкімет тарағынан бұйрық-жарлықтар. мемлекеттік дума жұмысы, ішкі және сыртқы хабарлар, қазақтың тарихы, этнографиясы, мәдениеті, әдебиеті, тіл, экономика, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, халық ағарту мәселелері. денсаулық сактау және фельетондар мен редакцияға хат сияқты бағдарламамен шығаруға рұқсат берді.

«Қазақ» газетінің алты жыл үзбей жарық көргені, осы газеттің шығуына енбек еткен Алаш ардақтыларының үміті ақталғаны деп білуге болады. Эрине, Ресей патша үкіметінің катандықтарын қалтқысыз камтамасыз еткен цензураның катал қыспағы астында журналдың ай күрғатпай, осыншама мерзім шығарып тұру оңайға түспегені түсінікті.

Осыған орай Ү.Сұбханбердине өзінің зерттеу енбегінде «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 78 санында басылған «Алашқа», 78 санында басылған «Россиядағы ұйымшылдық» деген мақалада патша үкіметіне қарсы угіт-насихат, отаршыл саясатқа қарсылық білдірі деген айыппен газет редакторы А. Байтұрсыновқа екі жылға жер аудару үкімі шығарылып, сол жылғы 91 санында басылған «Бұл қалай?» деген мақала үшін 50 сом айып немесе 2 ай түрме кесілген, 80санында басылған «закон жобасының баяндамасы» деген мақала үшін Орынбор генерал губернаторы 1500 сом айып салуға немесе үш ай түрмеге жабуға үкім еткен. [1, 8 б.].

«Қазақ» газетін шындалпазарда зерттеу еліміздің егемендігімен бірге басталды. 1993 жылы Алаш қайраткерлерінің шығармаларын таратуға және насыхаттауға үлкен үлес коскан ғалым Ү.Сұбханбердинаның «Қазак, Алаш, Сарыарқа» газеттері бетінде басылған материалдарының мазмұндаған библиографиялық көрсеткіші басылып шықса[1, 36.], 1998 зерттеуші ғалымдар Ү. Сұбханбердине, С. Дәуітов, Қ.Саховтың сол тұстағы қажырлы енбегі арқасында газеттің жарияланымдары энциклопедиялық кітап болып шығарылды.[5, 16.] Бірақ бұл жинаққа газеттің

барлық нөмірі толық кіргізілмеген. Бұл энциклопедия тәуелсіздік жылдарындағы үлкен әдеби-ғылыми жетістік еді.

2009 жылы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша белгілі ғалымдар т.ғ.д. С.О. Смағұлова, ф.ғ.д. F.K. Әнес, арабтанушы маман Т.А. Замзаева «Қазақ» газетінің 1913 [6, 26.], 1914[7, 26.], жылдардағы барлық санын толығымен аударып қазіргі әріпке түсіріліп, жеке, жеке кітап болып басылып шығарылды.

100 жылдан артық тарихы бар «Қазақ» газетінің «Ғылым ордасы» Ғылыми кітапханада 1913-18 жылдардағы шықкан барлық нөмірлері сакталған. 1913 жыл - №1-44, 1914 жыл - №45-92, 1915 жыл - №101-163, 1916 жыл - №164-211, 1917 - №201-226, 228, 230-248, 250-257, 1918 жыл - №258-265. Оқырмандар арасында сұранымға ие басылымдардың бірі. Газет қағазының жылдар өткен сайын, әрі күнделікті зерттеуші ғалымдардың қолдануынан ескіруіне байланысты және көне жәдігеріміздің кейінгі ұрпакқа сол қалпында жеткізу мақсатында Ғылыми кітапхана басылымды сандық қалыпта түсіріп, электронды нұсқасын дайындау жұмыстарын жүргізуде.

XX ғасырдың басынан 30-жылға дейінгі аралықта қазақ мерзімді басылымдарының араб арпінде басылуы араб графикасын білмейтін көптеген зерттеушілердің газет-журналдардағы материалдарды колдануына қындықтар туғызуда. Сол себепті ендігі біздің алдағы максатымыз осы «Қазақ» газетінің гуманитарлық сала мамандарына барлық зерттеушілердің қол жеткізегендегі басылымына айналдыру. Кейінгі ұрпакқа сол қалпында жеткізуіміз үшін араб графикасынан қазіргі әріпке көшіру арқылы «Қазақ» газетінің елі жасалмаған 1915 жылғы факсимилді нұсқасын дайындау жұмысы мемлекеттік гранттық ғылыми-зерттеу жоба бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатыр.

Жобаның басты мақсаты Қазақстан тарихына катысты деректерді, оның ішінде 1915 жылғы Ресей мен Қазақ даласындағы қоғамдық-саяси жағдайды нақтылау, Алаш аристарының бұган дейін ғылыми айналыска түспей келе жатқан жазба енбектерін жарияладап, олардың саяси көзқарасы мен отаршылдықка карсы күрес жолындағы өсу әволюциясын айқындау. Қазақ жұртына 1915 жыл бірінші дүниежүзілік соғыстың ең бір қызы да қын жылы ретінде өте ауыр тиді. Инфляция өршіп, баға шарықтап кетті. Елде соғыс жағдайы жарияланып, сөз бостандығына шектеу қойылды: әскери цензура енгізілді. Қазақтың материалдық ресурстарын молынан жұтқан соғыс енді адами капиталға ауыз салды: қазақтан әскер алу мәселесі көтерілді. Осы алғы шарттар 1916 және 1917 жылдары қазақ даласын жайлаған бас көтерулер мен көтеріліске алып келген болатын. Бас шығарушылары А.Байтұрсынов пен М.Дулатов болған және Алаш көсемі Ә.Бекейхан белсене араласқан «Қазақ» газетінің 1915 жылғы №№101-163 сандарын толықтай қазіргі жазу үлгісімен жариялай отырып, енбек соңында бірнеше мақсатты «Көрсеткіштер» мән ғылыми түсініктер жазылады. 2017 жылы «Алаш» әртиясы мен «Алашорда» үкіметінің құрылғанына 100 жыл толмақ. Төл ұлттық мемлекеттігіміздің бастауы болған осы ғасырлық тойға орай Алаш қозғалысы мен көрнекті Алаш зиялыштарына катысты барша дерек, әқпараттар жарық қөрмек. Келер ұрпакқа мәнгілікке қалдыраң басты мұрамыздың бірі ретінде оның факсимильдік және электрондық нұсқасын жасау – «Қазақстаника» библиографиялық корына косылған зор үлес болса, ал оны толықтай қазіргі жазу үлгісіне көшіру, яғни араб қаріпті ескерткіш мұраны көпшілікке кол жетімді ету – казақ қоғамдық және гуманитарлық ғылымын жаңа бір саты, дengейге көтеруге жәрдемдесер еді.

ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Субханбердина Ү. «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа». – Алматы: Ғылым, 1993. – 200 б.
- «Алаш» қозғалысы / Құраст.: Е. Тілешов, Д. Камзабекұлы, И. Нұрахмет. – Алматы: Сардар, 2008. – 324 б.
- Түрік баласы. Қазақ тарихы. «Қазақ» газеті, 16 ақпан, 1913 жыл, № 3.
- Аккұлы С. «Қазақ» газетінің шыкканына 100 жыл толады // Азаттық радиосы. - 6 мамыр 2015.
- «Қазақ» газеті. - Алматы, 1998. – 560 б.
- «Қазақ» газеті. 1913 жыл. - Алматы, 2009. – 480б.
- «Қазақ» газеті. 1914 жыл. - Алматы, 2009. – 504б.